

Мемлекеттік қорғауға жататын жергілікті маңызы бар сәулет және монументалды өнер ескерткіштерінің қосымша тізімі туралы

Күші жойған

Павлодар облысы әкімінің қаулысы. 2002 жылғы 7 қазандағы N 220/10. Павлодар облысының Әділет басқармасында 2002 жылғы 8 қарашада N 1471 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2013 жылғы 29 шілдедегі N 276/8 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 29.07.2013 N 276/8 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы" Заңына сәйкес, тарих пен бүгінгі күн үшін аса маңызды бірегей белгісі бар және құндылығы өшпейтін объектілерді бұдан әрі қорғау, оларды адамдардың бойында жоғары ұлттық сезімін тәрбиелеу үшін пайдалану мақсатында облыс әкімшілігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және пайдалану жөніндегі қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен келісілген мемлекеттік қорғауға жататын жергілікті маңызы бар, сәулет және монументалды өнер ескерткіштерінің (бұдан әрі - Ескерткіштер) қосымша тізімі б е к і т і л с і н .

2. Павлодар және Екібастұз қалаларының әкімдері: Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі "Тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану туралы" Заңына сәйкес Ескерткіштерді қорғау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етсін;

осы қаулыдан туындайтын басқа да қажетті шараларды қолдансын.

3. Сәулет және қала құрылысы департаменті облыс мәдениет департаментімен бірлесіп, қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес екі ай мерзімінде Ескерткіштерді қорғау аймақтарын а н ы қ т а с ы н .

4. Облыс бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі комитет (келісім бойынша) Ескерткіштерді қорғау аймақтарының шекарасын жерді пайдалану к а р т а с ы н а е н г і з с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Р.М. Жұмабековаға жүктелсін.

Облыс әкімі

**Мемлекеттік қорғауға жататын жергілікті
маңызы бар сәулет және монументалды өнер
ескерткіштерінің қосымша тізімі**

Р/с	Атауы	Енгізілген жылы	Орналасқан жері
1	2	3	4
1	Благовещенск ғибадатханасы	1999	Павлодар қаласы, Конституция алаңы
2	Римск-католик костелі	1999	Павлодар қаласы, Суворов және Украинск көшелерінің қиылысы
3	С.Торайғыров ескерткіші	2000	Павлодар қаласы, Дзержинский және Торайғыров көшелерінің қиылысы
4	М.Ж.Көпеев мешіті	2001	Павлодар қаласы, Қайырбаев және Кутузов көшелері. нің қиылысы
5	Мешіт	1998	Екібастұз қаласы, Беркімбаев көшесі, 165 / 56

| 6 | Православиелік | 1998 | Екібастұз қаласы,
| | шіркеу | | Әуезов көшесі, 160

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК